

СӨЖ / СОӨЖ тапсырмалары мен әдістемелік нұсқаулықтар.

Білім мен компетенцияны бақылау түрлері:

Зертханалық сабақтарға арналған бақылау сұрақтары.

СӨЖ:

СӨЖ 1.

«Прокариотты клеткалардың ультрақұрылымды ұйымдасуы» тақырыбындағы жоба бойынша таңдалған сұрақтарға байланысты презентацияны дайындау және қорғау - 7 балл

СӨЖ 2.

«Хемолитотрофты және хемоорганотрофты микроорганизмдер» тақырыбындағы жоба бойынша таңдалған сұрақтарға байланысты презентацияны дайындау және қорғау - 8 балл.

СӨЖ 3.

«Микроорганизмдер экологиясы» тақырыбындағы жоба бойынша таңдалған сұрақтарға байланысты презентацияны дайындау және қорғау - 7 балл.

СӨЖ 4.

«Таза культураларды бөліп алу және зерттеу» тақырыбындағы топтық (әр академиялық топ екі топқа бөлінеді) жоба таңдалған сұрақтарға байланысты презентацияны дайындау және қорғау - 8 балл.

Аралық бақылау:

АБ 1.

«Микроорганизмдердің жалпы ерекшеліктері. Микробиологияның даму тарихы. Про- және эукариотты клеткалар, олардың айырмашылықтары» тақырыптары бойынша бақылау жұмысы (жазбаша) - 4 балл.

АБ 2.

«Микроорганизмдердің метаболизмі туралы жалпы түсінік. Прокариоттардағы энергетикалық метаболизмнің ерекшеліктері» тақырыптары бойынша бақылау жұмысы (жазбаша) - 4 балл.

Аралық бақылау пәннің мазмұнына кіретін теориялық және практикалық сұрақтар бойынша жүргізіледі (7-8, 14-15 апталарда).

Оқытушыдан модульдік пән бойынша кеңес алуды офис-сағат уақытында алуға болады (СОӨЖ).